


«Бекітемін»

Мектеп дир:

К.Оралова



Ата –анамен жүргізілетін жұмыс жоспары

Тәрбиеші :Байжигитова Роза

2023-2024оқу жылы

Ата –анамен жүргізілетін жұмыс жоспары

Міндеттері: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша негізгі тәсілдерді ашу; балабақшалардың тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналардың қатысу мүмкіндіктерін айқындау; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналарды тарту бағыттары мен нысандарын сипаттау болып табылады

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	1.Жиналыс Ата – аналарды 2023 – 2024 оқу-жылының жоспары мен таныстыру. «Баланың МАД тобына бейімделуі» кеңес 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Қыркүйек айы	Тәрбиешілер
2	1. Күз мерекесіне арналған ертеңгілік 2. Кеңес: «Баланың өз-өзіне қызмет етуі».	Қазан айы	Тәрбиешілер
3	1 Кеңес «Балаға қандай дәрумен керек?» 2. жоба «Тәрбиеші мен ата-ана бірлігі»	Қараша айы	Тәрбиешілер
4	1. Ата-аналар жиналысы 2. Ата-аналарға арналған сауалнама 3. Тұмау және басқада аурулардың алдын алу. Кеңес: «Тұмау өте қауіпті» 2. «Қош келдің Жаңа жыл» Ата-аналармен жыл кешін өткізу, сахнаны безендіру, ойындар ұйымдастыру.	Желтоқсан айы	Тәрбиешілер Медбике
5	1. Баяндама Тәрбие тал бесіктен 2. Бала неге өтірік айтады? кеңес	Қаңтар айы	Тәрбиешілер
6	1. Баяндама «Тұйық бала қайдан шығады?» «Мектепке дейінгі жастағы балаларды	Ақпан айы	Тәрбиешілер

	тәрбиелеу мен дамытуда тілдерді үйренудің рөлі»		
7	8-Наурыз, 22-Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктеріне дайындық Ата-аналар жиналысы	Наурыз	Тәрбиешілер
8	1. Әңгіме: «Ойын өмір мектебі» Кеңес: «Астан да аллергия болады»	Сәуір	Тәрбиешілер
9	Жиналыс: 1. «Алақай жаз келді!» жазғы сауықтыру шаралары және жылды қортындылау. Ата-аналарға арналған 10 қағида	Мамыр айы	Тәрбиешілер Психолог Медбике

Тәрбиеші :  Байжигитова Р

04.09.2023 жыл

№1 хаттамасы

Ата – аналар жиналысы

Қатысқандар:14

Қатыспағандар:5

Тақырыбы: Жаңа оқу жылындағы өзгерістер.

Мақсаты: Ата-аналармен танысып, ата-анамен мектеп арасында тығыз байланысты орнату.

Күн тәртібінде

1. Жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен танысу
2. Топпен танысу, ата-аналармен танысу.
3. Ата-ана комитетінің төрайымы мен көмекшілерін сайлау

Оқу жөніндегі директордың орынбасары: Иманкулова Г

Тәрбиеші: Байжигитова Р

Медбике: Мамашева Р

1) Тыңдалды: Тәрбиеші: Құрметті ата – аналар! 2023-2024 оқу жылының басталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар көп. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды. Сонымен қатар сіздер мен мектеп арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Оқу жылына МАД «Ә» толығымен дайын. Оқу құралдары, ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар еліміздегі жағдайларға байланысты топтағы балалар арасындағы арақашықтық бақыланады.

Шешім: Биыл екі топ МАД «А», МАД «Ә». Бала саны МАД «Ә». 19 бала. Әр баланың денсаулығы үшін санитарлық-гигиеналық, тазалық шаралары әр топта сақталады. Оқу жылына әр бала қажетті оқу құралдарымен толықтай қамтылады. Мектепте өткізілетін шараларға ата-наларды берсенді қатысуын қамтамасыз етілуі қажет.

Тыңдалды: дәрігері: Сәлеметсіздер ме, ата – аналар!

Балаларыңызға мұқият болыңыздар, денсаулығына мән беріңіздер. Алдын алу шараларын үнемі жасаңыздар, өздеріңіз де ауырмаңыздар. Егер де балаларыңыз ауырған жағдайда мектепке алып келмеңіздер, басқа балаларға жұқтыруымыз мүмкін.

Шешім: . Ата – аналарға Балаларыңызға мұқият болыңыздар, денсаулығына мән беріңіздер

Тыңдалды: Тәрбиеші:

2023-2024 оқу жылының өзгерістеріне тоқталды. Барлық қосымша мамандар өздері жылдық жоспарымен таныстырды. Жұмыс жасау кестесімен де таныстырды. Алда келе қатысуына рұқсат берілмейді. Сіздерге ертеңгілік барысы видеомен түсіріліп жіберіледі. Балабақшаның тәртіптерін сақтаңыздар.

Шешім: Ата-ана комитетінің төрайымы болып: Гулзина апай сайланды. Ата-аналар мектеп ұжымына алғыс айтып, рахметтерін білдірді.

Топ тәрбиешісі:  Байжигитова Р

Хатшы:

25.12.2023 жыл

Ата – аналар жиналысы

Қатысқандар:15

Қатыспағандар:4

Тақырыбы: Жарты жылдық қорытынды

Мақсаты: Балалардың жеткен жетістіктері мен оқу қызметтерінде өтілген тақырыптар бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібінде

1.Жарты жылдық қорытынды

2. Денсаулық зор байлық

4.Қорытынды

Тыңдалды: Тәрбиеші: Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Бүгін сіздермен оқу жылының жарты жылдық қорытындысын жасаймыз. Жарты жылдықта балалар мектептегі күн тәртібіне қалыптаса бастады. Өз-өзіне қызмет көрсетуді біледі.Үлкендермен және өз достарымен қарым - қатынас жасауды үйренді. Топта күнделікті оқу қызметтері өтіледі, жылдың басымен салыстырғанда балалардың оқу үлгерімі әлдеқайда жоғарылады. Жал басынан есептегенде балалар 20 әріппен таныс болды. Балалар өтілген әріптер бойынша буындап оқуды, сауатты, көркем жазуды үйренді. Тек кітаптан көшіріп қана емес, жекелеген сөздерден тұратын диктант жазуға үйреніп жатыр. Балаларымызбен «Сый сөмке», «Гүлдер бақшасы» атты т.б жобаларымыз өтілді. Төтенше жағдайларға байланыс ата аналардың қатысуынсыз ертеңгіліктер өтілді. Тәуелсіздік мерекесін, Алтын күз мерекесі аталып өтті. Наурыз айында өткізілетін ертеңгілігіміз бар «Анашым асыл қазынам» деп аталады. Алдағы уақытта балалармен оқу қызметтерін ары қарай жалғастыратын боламыз.

Тәрбиеші: «Біз 6 айда не үйрендік?»

- Күн тәртібіне бейімделдік, үйрендік
- Жазуды, оқуды, есеп шығаруды үйрендік
- Іс-әрекеттерге белсене қатысу, өз ойын айту
- Достарымен жақсы қарым-қатынас орнату (кешірім сұрау, рұқсат сұрау, бір-бірін кешіру)
- Апайлармен дұрыс қарым –қатынас жасау (амандасу, тыңдау, кешірім сұрау, рұқсат сұрау)
- Іс-әрекеттерге шолу:

Білім күніне байланысты балалармен тақырыптық әс-әрекет өткізілді. Балаларға білім күні туралы түсінік беріліп, жаңа келген балалармен танысты. «Ертегілер еліне саяхат» атты сюжеттік ойын болып өтті. Ойын барысында балалар ертегі кейіпкерлерінен әр түрлі танымдық тапсырмалар алды. Қызықты логикалық тапсырмаларды бірлесе орындады. Балалар үшін қызықты болды. Алтын күз мерекесі біз осы жылы басқа

форматта өткізді. Төтенше жағдайға байланысты ата-аналар қатыспады. Балалар сахнада өздерін еркін ұстап, әсем ән мен әдемі билерді биледі. Тәуелсіздік мерекесіне орай балабақшамызда ертеңгілік болды. Балалар мерекелік бағдарламада би билеп, ән айтып, көрініске қатысты. Белсенділіктерін көрсетті. Жаңа жыл мерекесінде балаларға «Жыл басына таласқан хайуанаттар» атты ертегі қойылды. Ертегі арқылы балаларға жаңа жыл әтеш жылының келіп, ескі жыл тышқан жылының кеткені жайлы айтып, би билеп, сыйлықтар тараттық. «Гүлдер бақшасы» атты жобамыз өтілді. Балалар өз қолдарымен көкөніс екті. Оған күнделікті күтім жасап, қамқорлық көрсетуді үйренді. Балалар домбырадан жарысқы қатысып, үшінші орынды қанжығаларына байлады. Балаларға балабақшадағы жарты өте қызықты, әрі пайдалы өтті.

Шешім: Алдағы уақытта балалардың жалпы деңгейлері туралы ата-аналар тұрақты ақпаратты беріліп отырылсын. Бірінші және екінші деңгей көрсеткен балалармен түзету шаралары ұйымдастырылсын.

2. Әдіскер: «Жан шуағы» атты тренинг арқылы жиналысымыз бастаймыз. Ата-аналар сіздер балаларымыздың бойындағы ең жақсы қасиеттерін айтсаңыздар. Жадыра апай: Менің Мұстафам ер мінезді. Назым апай: Сара қызым көркем мінезді. Асемгүл апай: Ансар ең ақылды балалардың бірі. т. Рақмет баршаңызға. Күнделікті балаларымызға жылы тілектерді айтып жүректеріне жылулық сыйлап, жақсы көретінімізді айтып отырғанымыз дұрыс. Психикасы сау тұлға қалыптастыра білейік.

Шешім: Балалардың денсаулықтарын шынықтыру шаралары тұрақты ұйымдастырылып отырылсын.

Топ тәрбиешісі:



Байжигитова Р

Хатшы:

31.05.2024 жыл

Ата – аналар жиналысы

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: 11

Тақырыбы: 2023- 2024 оқу жылының қорытындысы

Мақсаты: Балалардың жеткен жетістіктері мен іс-әрекеттер бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібінде

1. Оқу жылына қорытынды жасау

2. Денсаулық зор байлық

3. Жаз айына жоспар

Тыңдалды: Тәрбиеші:

Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Бүгін сіздермен 2023-2024 оқу жылының қорытындысын жасаймыз. Оқу жылында балалар балабақшадағы күн тәртібіне толық қалыптасты. Өз-өзіне қызмет көрсетуді біледі. Үлкендермен және өз достарымен қарым-қатынас жасауды үйренді. Топта күнделікті оқу қызметтері өтіледі, жылдың ортасымен салыстырғанда балалар оқу қызметіне әлдеқайда жоғары деңгейде қатысады, өз ойын еркін жеткізе алады. Түрлі ертегі кітаптар мен әңгімелерді, қысқа мәтіндерді оқи алатын деңгейге жетті.

Оқу ісі ж/о: 2023-2024 оқу жылының аяқталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар балалармен өте көп өтті. Сіздер үнемі еліміздегі жағдайға байланысты ата-аналарға онлайн форматта өтілген барша мерекелерге түсіністікпен қарап, атсалысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды шаралар болды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Ертеңгілікке ерекше дайындалып видеороликпен аналарын барлық нәзік жандыларды ерекше құттықтап әсерлі етіп кешті бастап, ән айтып, би билеп, алғаш сахнаға көрініс көрсетіп, өздерін еркін ұстап жан – жақты көрсетті. Ата аналар сіздерге видеоролик форматында жібердік. «Наурыз думан» атты мерекелік іс- шара жоғары деңгейде өтті. Ауылдан әжеміз қонаққа келіп. Балаларға түрлі тартулар жасады. Балалар өлең айтып, би биледі. Қазақтың ұлттық тағамдарын ішіп, ұлттық мерекемізді ерекше атап өткіздік. Аналарымызға арнап Сый сөмке жасадық. Балалар аналарына сыйлады. Балалардың «Қош бол, балабақшам» атты балабақшаны бітіру кеші де өте әсерлі өтті. Балалардың қимай балабақшамен қоштасу салтанаты кезінде әр түрлі әндер орындалып, балалардың балабақша қабырғасында жүрген кездеріндегі билеген билерінен қысқаша үзінділер қойылды, айтыс өнерімен сусындап, әсем өлең жолдарымен жалғасты. Видеоролик форматында ата-аналарға ұсынылды.

«Біз «бір жылда не үйрендік?»

✓

Күн тәртібіне бейімделдік, үйрендік

- ✓ Оқу үлгерімін жақсарту, көркем жазып үйрену
- ✓ Достарымен жақсы қарым-қатынас орнату
(кешірім сұрау, рұқсат сұрау, бір-бірін кешіру)
- ✓ Апайлармен дұрыс қарым –қатынас жасау (амандасу, тыңдау, кешірім сұрау, рұқсат сұрау)
- ✓ Сауат ашудан жылдамдыққа минутқа оқуды біледі
- ✓ Түрлі логикалық есептерді шығару
- ✓ Өздеріне сенімді тұлға ретінде қалыптасты.

Балаларымыз мектеп табалдырығын аттауға дайын. Өздеріне сенімді тұлға болып қалыптасуда.

Медбике: Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Оқу жылының аяқталуымен баршанызды құттықтаймыз. Денсаулық бірінші байлық демекші денсаулығымызды қорғау әрдайым өзекті болып қалмақ. Балаларымыздың денсаулығын әрдайым қорғап жүру керекпіз. Еліміздегі жағдайларға байланыс профилактикалық шаралар әр үйде жүргізілуі керек. Балабақшамызда осы жылы балаларымыздың 10% тұмаумен ауырды. Ауырғандар саны өте аз болды. Ауырған балалар үйлерінен емделіп келді. Балабақшаға арнайы денсаулық сақтау орындарынан анықтамалар алып келіп, қабылданды. Жұқпалы аурулар балаларда көп кездеспеді. Балалар балабақша температуралары өлшеніп, қолдарын залалсыздандырып кіргізілді. Егер, балалар ауырған жағдайда, балаларды толыққанды тексерістен өткізіп, емдік шараларды қолданып келулеріңізді сұраймыз.

Шешім: Шынықтыру шаралары жоспары жасалынып отыруы қамтамасыз етілсін. Жауаптылар: топ тәрбиешілері және пән мұғалімдері болып бекітілсін.

Тәрбиеші: Оқу жылының аяқталуымен баршанызды құттықтаймыз. 2023 – 2024 оқу жылы баршамыз үшін жемісті болды. Балаларымыз жетістіктерге жетіп, өз талаптарын толықтай көрсете білді. Сауат ашудан толықтай әріптерді танып, дауысты, дауыссызға ажырата алады. Және жаз мезгіліндегі жоспар бойынша қайталау шаралары орындалып отырады. Жас ерекшеліктеріне сай есептерді шығара алады. Балалар мектепке дейінгі дайындық кезеңінде білу керек білімді толыққанды меңгерді. Алдағы жаз айларында сауықтыру шынықтыру шаралары болады. Олар:

1. 1 маусым «Балаларды қорғау күні»
2. Жүректен жүрекке
3. Көңілді тәжірибелер
4. Ән айтып шынығамыз
5. Көңілді интеллектум
6. Аспаздық әлемі
7. Мен актер боламын
8. Әдеби шығармалар әлемі
9. Конституция күні

Шешім: Жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңінің жоспары бекітілсін.

Топ тәрбиешісі:

Байжигитова Р

Хатшы: